

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы жинақталған зейнетақы қаражаттарын аударым жасау туралы Ережені бекіту туралы" 2006 жылғы 23 қыркүйектегі N 217 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 26 мамырдағы N 82 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 15 шілдеде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5258 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 240 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.12.29 N 240 Қаулысымен.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы жинақталған зейнетақы қаражаттарын аударым жасау туралы Ережені бекіту туралы" 2006 жылғы 23 қыркүйектегі N 217 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4446 тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2006 жылғы 17 қарашадағы N 201 (1007) санында жарияланған) Агенттік Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 78 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4666 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы жинақталған зейнетақы қаражаттарын аударым жасау туралы ережесінде:

2 - т а р м а қ т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) ерікті, ерікті кәсіби жарналар есебінен қалыптасқан жинақталған зейнетақы қаражатын аударған жағдайда - қабылдаушы қормен жасалған ерікті, ерікті кәсіби жарналар туралы шарттың көшірмесін;"

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) сақтандыру ұйымына міндетті, ерікті, ерікті кәсіби жарналар есебінен қалыптасқан жинақталған зейнетақы қаражатын аударған жағдайда - сақтандыру ұйымымен жасалған шарттың түпнұсқасын.";

3 - т а р м а қ т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) ерікті, ерікті кәсіби жарналар есебінен қалыптасқан жинақталған зейнетақы қаражатын аударған жағдайда - қабылдаушы қормен ерікті, ерікті кәсіби жарналар есебінен жасалған зейнетақымен қамсыздандыру туралы ш а р т т ы ң к ө ш і р м е с і н ; " ;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) сақтандыру ұйымына міндетті, ерікті, ерікті кәсіби жарналар есебінен қалыптасқан жинақталған зейнетақы қаражатын аударған жағдайда - сақтандыру ұйымымен жасалған шарттың түпнұсқасын;"

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жөнелтуші қор жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау туралы өтініште толтырылуға тиіс мәліметтердің дұрыс көрсетілуін тексереді және салымшыға (алушыға) немесе сенім білдірілген адамға берілген құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдаған күнін көрсетіп анықтаманы және өзге құжатты береді.";

5 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау туралы өтініште көрсетілген салымшының (алушының) ӘБК жөнелтуші қордың автоматтандырылған ақпараттық жүйенің деректер базасындағы ӘБК сәйкес к е л м е с е ; " ;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау туралы өтінішті берген сәтте салымшының (алушының) немесе сенім білдірілген адамның жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімі өтіп кетсе;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау туралы өтінішке байланысты берілген сенімхаттың қолданылу мерзімі өтіп кетсе не оны берген күн көрсетілмесе;"

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті(Үсенбекова Л.Е.):

1) Заң департаментімен (Сарсенова Н.В.) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастан он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне және жинақтаушы зейнетақы қорларына мәлімет үшін жіберсін.

4. Агенттік Төрайымының Қызметі Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулыны жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары М.Б. Байсыновқа жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова